Жалпы ата-аналар жиналысының
№1хаттамасы

Астана қаласы әкімдігі
№49 «Алтынай» балабақшасы МКҚК
Қатысқаны: 30
Күні: 27.08.2026 жыл

Тақырыбы: «Отбасы және балабақша-бала тәрбиесіндегі бірлік»

Мақсаты: Ата-аналарды жаңа оқу жылында балабақшада жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысының негізгі бағыттарымен, мақсат-міндеттерімен таныстыру. Балабақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Күн тәртібінде:

1.Жаңа оқу жылындағы балабақшаның мақсат-міндеттерімен таныстыру.
Меңгеруші: Калиякасова Гульзат Аманбайкызы.
2.Топтың күн тәртібімен және оқу-тәрбие жұмысымен таныстыру.
Әдіскер:Дуйсекулова Лаура Беккалиевна.
3. «Баланың балабақшаға бейімделуі»-ата-аналарға кеңес.
Педагог-психолог: Туякбаева Толхын Султановна
4.Баланың денсаулығы мен қауіпсіздігі: санитарлық-гигиеналық талаптар, баланы балабақшаға әкелу және алып кету тәртібі
Медбике: Бекбатырова Алина Сылубекқызы.
5.Әртүрлі мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған балабақшаның меңгерушісі Г. Калиякасова жаңа 2026-2027 оқу жылындағы балабақшаның мақсат-міндеттерімен таныстырып өтті. Бала тәрбиесі — тек балабақша педагогтерінің ғана емес, ата-аналар мен қоғамның ортақ міндеті екенін түсіндірді. Баланың балабақшада алған тәрбиесі мен үйдегі тәрбиесі өзара үйлесімді болған жағдайда ғана оның жан-жақты дамуына қолайлы жағдай қалыптасатынын ескертті. Ата-аналармен бірлескен жұмыста баланың дамуы үшін балабақша мен отбасының бір бағытта жұмыс жасауы өте маңызды болғандықтан баланың балабақшаға уақытылы келуін қадағалауды; баланың киімі мен жеке заттарының жинақы болуына көңіл бөлуді; баланың денсаулығына қатысты маңызды ақпаратты тәрбиешіге уақытылы хабарлауды; баланың үйдегі жетістіктері мен қиындықтары туралы педагогпен ашық пікір алмасуды; баланың балабақшадағы іс-шараларына белсенді қатысуды; педагогтермен өзара сыйластық пен түсіністік негізінде қарым-қатынас жасауға шақырды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алған балабақшаның әдіскері Л. Дуйсекулова топтың күн тәртібімен және оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарымен таныстырды. Балабақшадағы күн тәртібі балалардың жас ерекшеліктеріне, физиологиялық қажеттіліктеріне және қауіпсіздік талаптарына сәйкес ұйымдастырылады. Күн тәртібін сақтау баланың өзін жайлы сезінуіне, уақытты дұрыс қабылдауына және балабақша өміріне тез бейімделуіне көмектесетінін түсіндірді. Мектепке дейінгі жастағы бала үшін ойын — негізгі әрекеттердің бірі болғандықтан оқу-тәрбие жұмысы ойын элементтерімен тығыз байланыста жүргізілетінін және балаларға тапсырмалар олардың жас ерекшеліктеріне сай, қызықты әрі түсінікті түрде ұсынылатынын айтып өтті. Алдағы уақытта баланың балабақшадағы жетістіктеріне қызығушылық танытып, үйде де пайдалы дағдыларды бекітуге қолдау көрсетудің маңыздылығын сөз етті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөз алған балабақшаның педагог-психологі Т. Туякбаева «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбындағы өз кеңесімен бөлісті. Баланың балабақшаға баруы — оның өміріндегі маңызды өзгерістердің бірі және үйреншікті отбасылық ортадан жаңа ортаға келу кезінде бала әртүрлі сезімдерді бастан өткеруі мүмкін екенін түсіндірді. Кейбір балалар балабақшаға тез бейімделсе, енді біреулеріне көбірек уақыт қажет болатынын айтты. Бейімделу — баланың жаңа ортаға, күн тәртібіне, тәрбиешіге және құрдастарына біртіндеп үйрену үдерісі болып табылатынын айтты. Бейімделу кезінде бала бойында өзгерістер болуы мүмкін екенін және Алғашқы күндері бала: ата-анасынан айырылғысы келмеуі; жылауы немесе ренжігіш болуы; балабақшаға барудан бас тартуы; үйде тұйық немесе керісінше мазасыз болуы; тәбетінің уақытша өзгеруі; ұйқысының бұзылуы; бұрын қалыптасқан кейбір дағдыларында уақытша өзгерістер көрсетуі мүмкін екенін түсіндіріп өтті. Баланың жылауы немесе балабақшаға барғысы келмеуі — оның «еркелігі» ғана емес, жаңа жағдайға деген эмоционалдық реакциясы екенін ескертті.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша сөз алған балабақшаның медбикесі А. Бекбатырова баланың денсаулығы мен қауіпсіздігі және санитарлық-гигиеналық талаптарына тоқталды. Баланың денсаулығын сақтау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау — балабақшадағы басты міндеттердің бірі екенін сөз етті. Баланың балабақшада өзін жайлы сезінуі үшін педагогтермен қатар медицина қызметкерлері де күнделікті бақылау және алдын алу жұмыстарын жүргізетінін айтты. Баланың денсаулығына қатысты қандай да бір ерекшелік, созылмалы ауруы, аллергиялық реакциясы немесе дәрігердің арнайы ұсыныстары болса, ата-ана бұл туралы медицина қызметкері мен тәрбиешіге уақытылы хабарлауы қажеттігін түсіндірді. Балаларға күнделікті қарапайым гигиеналық дағдыларды қалыптастыруға ерекше көңіл бөлуді және киімі ауа райына және маусымға сәйкес, таза әрі ыңғайлы болуын, баланың сөмкесіне

өз бетінше тағамдар, тәттілер немесе басқа да азық-түлік өнімдерін салып жібермеуді тапсырды.

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәсәләләрге кезек беріліп, ата-аналардың түскен сұрақтарға балабақша әкімшілігі жауаптарын берді.

ШЕШІМ:

1. 2026-2027 оқу жылына бекітілген мақсат, міндеттер ата-аналармен бірлесе отырып іске асырылсын

Жауапты: балабақша әкімшіліг, педагогтер, ата-аналар

2. Күн тәртібі қатаң сақталып, оқу-тәрбие жұмысының жоспары жүйелі түрде жүргізілсін

Жауапты: әдіскерлер, педагогтер

3. Балабақшаға жаңадан қабылданған балалардың жеңіл бейімделуі қадағалансын.

Жауапты: әдіскерлер, педагогтер, мамандар

4. Баланың денсаулығы мен қауіпсіздігі: санитарлық-гигиеналық талаптар қатаң сақталсын

Жауапты: медбике, педагогтер, ата-аналар

Жиналыс төрағасы:
Хатшы:



